

2009 жылы жастарға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімиятының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 224 Қаулысы. Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 09 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 81 болып енгізілді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20 баптарының негізінде және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 4, 8 баптарына сәйкес, жастарға арналған қоғамдық жұмыстарды дамыту, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мақсатында, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылы жастарға арналған қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. Қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі 1-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .
3. Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, сұраныс пен ұсыныс 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Райжанұлы Іңкәрбековке жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Нұралиев

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 8 мамырдағы № 224
қаулысына 1-қосымша

Қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі

1. «Т. Рысқұлов ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
2. «Құлан ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
3. «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
4. «Луговой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
5. «Жаңатұрмыс ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
6. «Қарақыстақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

7. «Көкдөнен ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
8. «Көгершін ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
9. «Құмарық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
10. «Новосел ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
11. «Ақыртөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
12. «Тереңөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
13. «Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
14. «Өрнек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
15. «Ленин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
16. «Қорағаты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
17. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
18. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

19. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік м е к е м е с і .

20. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

21. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі .

22. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі .

23. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

24. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

25. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі .

26. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

27. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі .

28. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 8 мамырдағы

№ 224 қаулысына 2-қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, сұраныс пен ұсыныс

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі жағдайлары	мен	нақты	Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Сұраныс

			және оларды қаржыландыру көздері		Ұсыныс
1.	Аудан аумағында мемлекеттік «Жастар саясатын» жүзеге асыруға жәрдемдесу	Жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу.	15 000 теңге жергілікті бюджет	28	28
2.	Мекеме ұйымдардағы қоғамдық іс-шараларға қатысу	Жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша тұрғындарға құжат нысандарын толтыруға жәрдемдесу, хабарламалар, шақыру қағаздарын тарату, сауалнамалар жүргізу. жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша	15 000 теңге жергілікті бюджет	28	28
	Барлығы			56	56